

№ 1 (17), 2019



Дана бала

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

www.rc-dd.kz

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспсөз
басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 14553-Ж
куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014 ж.)

Меншік иесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы» РММ

Бас редактор

Ольга Николаевна Кумисбекова
ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығының директоры

Редакция алқасы

«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны бөлімі

Техникалық редактор

«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының
Ақпараттық-талдау бөлімі

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде информационного материала

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

*Сіздерді тарихи тамыры тереңге бойлаған дана
халқымыз үшін еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес
бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып
келген аз-Наурызбен*

шын жүректен құттықтаймын!

*Тіршіліктің жаңаратын, пейілдің тазаратын, күн
мен түннің теңелетін, аққа кеңелетін көктем
күнінің шуағы шаңырағыңызға ырыс, береке,
денсаулық пен баянды бақыт әкелсін!*

Ізгі тілекпен,

«Мектепке дейінгі балалық шақ»

республикалық орталығының директоры

Ольга Николаевна Кумисбекова

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЙДАР / РУБРИКА

УАҚЫТ ТАЛАБЫ * ПРОБЛЕМЫ ВРЕМЕНИ

ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАР * НАУЧНЫЕ НОВОСТИ

ИННОВАЦИЯЛАР * ИННОВАЦИИ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР * НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС * ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ

НЫСАНА * ОБЪЕКТИВ

БАЛА-МЕДИА * МЕДИА-РЕБЕНОК

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ * ЛУЧШИЙ ОПЫТ

Ерманова Мария Наятовна

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы,
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
бөлімінің басшысы



Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы тұтастай білім беру жүйесіне, соның ішінде оның алғашқы іргетасы – мектепке дейінгі тәрбиеге жаңа талаптарды алдыңғы қатарға жылжитты. Біздің еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – әрбір балаға мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Аталған мәселені түбегейлі шешуде елімізде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен іске асырылған «Балапан» бағдарламасы және жеке секторды белсенді тарту арқылы мемлекеттік бюджет есебінен қызмет ететін мектепке дейінгі ұйым желісін кеңейту мақсатында Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту тың серпін берді. Бүгінгі таңда балалардың мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылуы 3 жастан бастап 6 жасқа дейін 95%, ал 1 жастан бастап 3 жасқа дейін 31,7 % құрайтынын мақтанышпен айтуға болады.

Әрине бұл аға буынның жас ұрпақтың болашағына деген үлкен сенімділігі мен жауапкершілігін айғақтайды.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде балаларды ерте жастан тәрбиелеу мен дамыту мәселесіне баса назар аударылып отыр. Себебі ерте жастағы балада ми салмағының 90% қалыптасады, ойлау қабілеті, әлеуметтенуі мен танымдық әрекеті қаланады.

Біздің елімізде де Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында: «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беруде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірінғай стандарт-тарын енгізу қажеттігі атап көрсетілген.

Осыған сәйкес балаларды ерте дамыту және оларға күтім жасау, әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдылары қамтылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылды. Стандарт:

- 1) оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;
- 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне;
- 4) оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

Стандарт талаптарына сәйкес ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік және әлеуметтік -мәдени дағдыларды қалыптастыруға бағытталған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленіп, енгізілді.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы білім беру салаларын бір-бірімен кіріктіруде балалардың жас ерекшеліктерін, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағыты және аймақтық ерекшеліктері және т.б. ескеріліп мектепке дейінгі ұйымның өздігінен таңдауына мүмкіндік берілген өтпелі тақырыптар және осы аталған тақырыптар негізінде Перспективалық жоспар және осы аталған жоспарды тиімді іске асыруда апталық циклограмманы құрастыру ұсынылды.

Жаңартылған мазмұн енгізілгенге дейін мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандары өзінің жылдық жұмыс жоспарын әдеттегідей әрқайсысы жеке-жеке құрастыратын болса енді сол өзіне үйреншікті тәсілін өзгертіп барлық тәрбиешілер мен мамандар бірлесіп өтпелі тақырыптар негізінде Перспективалық жоспарды және осы аталған жоспарға сәйкес апталық Циклограмманы құрастыруда да қиыншылықтар кездесті. Дегенмен Орталықтың мамандары, өңірлердегі мектепке дейінгі білім беру саласына жауапты мамандар мен оқу орталықтарының әдіскерлері және педагог практиктердің белсенді жұмыстарының нәтижесінде аталған жұмысты талапқа сай жүргізу бүгінде жолға қойылды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017 жылдың қыркүйек айынан республиканың мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің бірінші жүйесі енгізілді. Стандарт бойынша балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар баланың жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталатыны белгілі, осыған сәйкес:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

Бүгінде мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша мониторингтің бірінші тәсілін қамтамасыз ету мақсатында Орталықта «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» әзірленіп, Орталық сайтында орналастырылды.

Осы аталған әдістемелік ұсынымдардың көмегімен мектепке дейінгі білім беру саласының мамандары балалардың жастарына сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейлерін анықтайды.

2018 жылдың мамыр айында өткізілген Қорытынды мониторингке республика бойынша барлығы 1 001486 бала қатысты, оның ішінде:

- 2 жастан 3 жасқа дейін – 129 324 бала, бұл 91,3 %;

- 3 жастан 4 жасқа дейін – 246 820 бала немесе 94,1 %;

- 4 жастан 5 жасқа дейін – 269 202 бала немесе 100 %;

- 5 жастан 6 жасқа дейін – 356 140 немесе 92,4 % құрайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларының даму индикаторларына сәйкес біліктері мен дағдыларының даму деңгейлері жоғары және орта балалардың үлесі:

- 2 жастан 3 жасқа дейін – 68,9 %;

- 3 жастан 4 жасқа дейін – 66,4 %;

- 4 жастан 5 жасқа дейін – 69,2 %;

- 5 жастан 6 жасқа дейін – 74,2 % құрайды.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізу түрлі кезеңдерде балалардың даму динамикасын тіркеуге, олардың жеке дамуына педагогикалық қолдау көрсетуге және одан әрі жүргізілетін жұмысты жетілдіруге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ұйымдарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыруда педагогтардың тәжірибесін жинақтау және тарату,

балаларда театрландырылған қойылымдар арқылы туған өлкенің тарихы, табиғаты, мәдениеті мен бай мұраларына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында 2018 жылдың сәуір айында «Туған жер – алтын бесігім» театрландырылған қойылымдардың Республикалық байқауы өткізілді. Байқау мектепке дейінгі ұйымдардың 3-6 (7) жастағы балалары арасында үш кезеңде аудандық, облыстық, республикалық өткізілді.

Республикалық байқау қорытындысы бойынша келесі мектепке дейінгі ұйымдар жүлдегер атанды:

Бас жүлде – «Ақсақ құлан», Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, «Әлия» бөбекжай-балабақшасы.

I орын – «Аманат», Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, «Жауқазын» балабақшасы.

II орын – «Анасынан адасқан балапандар», Алматы облысы, Қарасай ауданы «Сандуғаш» балабақшасы

III орын – «Туған жер», Қызылорда облысы, «Ер Тарғын» балабақшасы «Қазақ елі», Астана қаласы № 38 «Шаттық» балабақшасы.

Балалар шығармашылығының республикалық байқауын өткізу педагогтердің шығармашылық ізденістеріне, театрландырылған қойылымдар сценарийлерін құруға қолдау көрсетуге, балалар шығармашылығын жандандыру, театрландырылған қойылымдарға белсенді түрде тарту арқылы олардың бойында әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына ықпал етті.

Талапқа сай ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар мен педагогтардың және ата-аналардың ықпалдастығын дамытуға, нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері

Жаңылхан Аждадиева
№ 3 «балбөбек» сәбилер
балабақшасының тәрбиешісі
Талдықорған қаласы

XXI ғасыр табалдырығын біліммен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән - мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес.

Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен карауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.

Балаларға дауыстап сөйлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді.

Балалардың жас ерекшеліктері әртүрлі, 3 пен 6 жас бірге өз қалауларымен жұмыс жасайды. Бұл жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен, т.б.

Еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесінде өзі жөндеуі ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды. Мектепке дейінгі оқу-тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту үшін Монтессори әдісін қолдану тиімді. Монтессори материалы арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Монтессори материалы қандай да бір іс-әрекетке итермелейді.

Монтессори материалы төрт түрлі жолмен іске асады:

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар. Ең алғашқы жылында бала қозғалыс жасау үстінде жүреді. Онда сензитивтік кезеңнің даму жолы қалыптасады.

Оған қозғалыс жасау үшін түрлі жаттығулар жасалады, өзіндік іс-әрекетке итермелейді. Бір сызықтың бойымен жүру тепе-теңдік сақтауға итермелейді. Басқа да топтық жаттығулар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар бір-бірін сыйлауға үйретеді. Жаттығуға арналған материал тәжірибе жасау барысында жас ерекшелігіне сай болу керек. Жаттығудың шарты түсінікті болуы тиіс. Нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйренеді.

Жаттығулардың негізгі мақсаты: баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері:

1. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.
2. Металды тазалау.
3. Кесілген гүлдерді күту жолдары.
4. Бір сызықтың бойымен жүру.
5. Тыныштандыру жаттығулары.
6. Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.

Сезім мүшесін дамытатын материалдар. Әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады. Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады.

Оқу қызметі 3 құрылымнан тұрады:

1. Көлемін анықтауға арналған материалдар;
2. Бір сызықтың бойымен жүру;
3. Тыныштандыру жаттығулары.

Оқу қызметі балаға өзін-өзі танытуға талпындырады.

Математикалық материалдар ойлау қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген заттар мен жұмыс жасау арқылы өз білімін жетілдіреді. Монтессори материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді. Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді. Сан және онға дейін санау жүйесін тез игереді. Математикалық Монтессори материалы баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарын іздеуге тырысады. Математикалық материалды пайдалану жүйесін білген соң, түрлі қиын тапсырмаларын қиындықсыз орындайды. Мысалы: ашық түсті моншақтарды пайдалану арқылы сан құрамымен пішін туралы түсініктері пайда болады.

1. Математикалық ұғымдарды тез игереді.
2. Сан және санау жүйесін игереді.
3. Берілген тапсырмаларды қиындықсыз орындайды.

Сөздік қорын дамыту материалдары қарым-қатынас жасау үшін адамның сөздік қоры ең басты роль атқарады. Бала туғаннан өсе келе қоршаған ортадағы адамдар мен қарым-қатынас жасау үшін сөйлеуге тура келеді. Балабақшаға келген балаларда сенсорлық кезең болғандықтан, түрлі ойындар, әңгімелесу мен сұрақтар қою арқылы ойлау қабілетімен сөйлеу қабілеті күрт дамиды. Түрлі әңгімелер айтып тыңдауға көмекшілер ата-аналар болып келеді. Жалпы 2 жастағы бала негізінен 200-ден астам сөздерді меңгереді, ал 5 жастағы бала 3000-нан астам сөздерді игереді. Бала түрлі сұрақтар қою арқылы өзіндік сөздік қорындағы жетпей жатқан қажеттілігін қанағаттандырады. Сөйлеу қабілетін дамыту үшін ойындар мен түрлі жаттығулар қолданады. Мысалы: затты атау, ойын-сипаттама, әңгімені жалғастыр т.б

1. Дыбыс пен шуды ажыратады
2. Сөздік қоры байыйды
3. Сұраққа толық жауап береді.
4. Сурет бойынша әңгіме құрастырады.

Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға

үйренеді. Монтессори бақылаушы ретінде баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді. Айналадағы заттық орта туралы түсініктерін қалыптастыруда Монтессори әдісін жүйелі түрде қолдану маңызды.

Педагогикада мектеп жасына дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі-заттық орта. Заттық орта әртүрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады.


Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдаумен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер:ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көріп, есту керек. Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады. Әртүрлі іс-әрекетте арқилы тәжірибелік істердің реттеушісі

болады. Көркемдік шығармада заттық ортаның рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеуді нәзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сенімінсіз түсіну мүмкін емес. Психологиялық дамуда заттық үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі бір біліммен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды.

Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет. Сәбилік шақта айналадағы қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психологиялық дамуының негізі қаланады.

Заттарды тасымалдауға үйрену және кимыл-қозғалысты үйлестіру. Монтессори бөлмесінде балалар еркін жүріп, қандай аймаққа баратындары өз еріктерінде екенін сезінеді. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты - балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.





Сейдалиева Зауре Куанышбаевна

Қызылорда қаласы, № 50 «Жұлдыз» бөбекжай бақшасы, арнаулы «Айгөлек» тіл мүкістігі бар балалар тобының тәрбиешісі

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамытайық

Дүние есігін ашқан адамдардың әңгімесі, жапырақтардың сыбдыры, құстардың сайрағаны секілді сәби түрлі дыбыстарды естіп, ажырата бастайды. Уақыт өте сол дыбыстарды ауызекі дыбыстау арқылы сөйлеу дәрежесіне жетеді. Егер бала дұрыс, анық түрде дыбыстарды айтып, сөйлей білсе, ол оның өз-өзіне деген сенімін күшейтеді, ал керісінше тілінде мүкісі бар бала өзін өзгелерден кем санап, көп сөйлемеуге тырысады. Ол өз кезегінде баланың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізетіні анық.

Қазіргі таңда еліміздегі және шет елдің ғалымдарының зерттеулері бойынша дамуында түрлі кемістігі бар балалардың саны артуда. Соның ішінде сөйлеу тілі бұзылған балалардың саны жоғары деңгейде екені анықталды. Біздің басты мақсатымыз-осы балалардың мүмкіндіктерін анықтау, оқыту, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу.

Тіл мүкістігін түзеуде баламен неғұрлым жиі әрі жеткілікті түрде әңгімелесудің маңызы зор.

Өкінішке орай, қара қазан қамымен, нәпақа табу мұратымен жүрген ата-ана балаға көп уақыт жұмсай алмайды. Шыны керек, ертегі айтудың өзі келмеске кетіп бара жатқан жайы бар. Сондықтан бұл ретте негізгі міндет балабақшалардағы топқа жүктеледі.

Шынына келсек, екі жасқа дейін баланың былдырлағаны құлаққа жағымды естілсе, ал екі жастан асқан бала әлі былдырлап жүрсе, онда ол логопедтің қарауына қаралғаны жөн.

Тіл мүкістігін түзеуде :

- тыныс алу жаттығулары;
- Су-Джок терапия;
- түрлі дидактикалық қимылды, мазмұнды, сюжетті, рөлді ойындар және шығармашылық жұмыстар;
- АРТ терапия;
- лого-ырғақ жаттығулары ;
- артикуляциялық жаттығулар;
- жалпы және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулардың маңызы зор.

Қолдың саусақтары жақсы жұмыс жасауы үшін баланың сурет салып үйренуіне, қайшымен жұмыс жасауына, мозайка, пазлы жинауына, түймелерді тағып, шешуі секілді әрекеттерді атқаруына басымдық беріледі.

Көптеген тәжірибелерге сүйенсек, сөйлеу тілі бұзылған балалардың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасында ауытқушылықтар байқалады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту жұмыстары мектепке дейінгі кезеңде де мектеп жасында да маңызды болып табылады.


Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда қолдың саусақ және буындарына массаж қолданудың маңызы бар.

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының да орны ерекше. Данышпан қазақ халқымыз бұған да ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш», «Санамас» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызды роль атқарады.

Қызылорда қаласы білім бөлімінің №50 «Жұлдыз» бөбекжай бақшасында арнаулы тіл мүкістігіне арналған топ бар. Онда арнайы ПМПК тұжырымдамасымен жолдама арқылы балалар келіп тәлім, тәрбие алады. Балабақшамыздағы арнаулы «Айгөлек»тобының балаларын оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың дыбыстарды анық айтып шығару, тілін дамыту,сөздік қорларын молайту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдану, тілдік қарым –қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Логопед маманы балалармен жан-жақты түзету жұмыстарын жүргізіп,

тәрбиешілер балалардың уақыттарын тиімді және жан-жақты өткізу үшін түрлі ойындар арқылы және ұсақ моториканы дамытуға арналған сан түрлі жаттығуларды орындату арқылы жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін жетілдіруге, сөйлеуге деген талпынысын, ынтасын, қабілеттерін дамытуға септігімізді тигізіп, инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді пайдаланып жатырмыз.

Балабақшамызда түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жүйелі жұмыс жүргіземіз. Балаларымызға саусақ ойындарын балабақшада және үй жағдайында ойналатын ойындармен мен жаттығуларды логопед маманымыз ата-аналарға көрсетіп, таныстырып, кеңестерін бере отырып, жұмыс жасалынады.



Ұсақ моториканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіледі.
2. Қимыл қозғалыс қабілеті артады.
3. Икемділігі арта түседі.
4. Логикалық ойлау қабілеті дамиды.
5. Танымдылық деңгейі артады.

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А. Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды деп те айтып кеткен.



Саусақ ойындары арқылы қандай да болмасын ертегіні немесе өлең – тақпақ шумағын сахналауға болады. Саусақ ойындары арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық жұмыстар жасауға жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылдарына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және қайталап отырып есте сақтайтын болады. Жалпы тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық еттерінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді етіп ұйымдастыруға болады.

Саусақ ойындары арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады да кейін жазу шеберлігін жақсы меңгеруіне септігін тигізеді.



Баламен неғұрлым көбірек сөйлесіп, бала саусағын ойната отырып, тілін дамытып отырсақ баланың сөздік қоры қалыптасады. Көңілді ойындар мен түрлі саусаққа арналған қызықты жаттығулар ұйымдастырып, балаларды қызықтырып, көтермелеп отыру тіл мүкістігін түзетуде ерекше роль ойнайды. Не десек те, басты нәрсе – ниет пен мүдде. Тәрбиеші мен ата-ана осы ретте мүдделі болса, кез келген кедергіні жоюға, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Тәуелсіз еліміздің ертеңі-балғындардың ақылды, өз-өзіне сенімді, дені сау, зерек болып өсуі-ортақ мүддеміз. Міне осы бағытта біз ең тиімді, ең дамыған, ең керемет тәсілдерді қолданамыз. Өз жұмысымыздың жақсы нәтижесін көргенде, бізден бақытты жан жоқ. Бұл жұмысымызды одан әрі инновациялық тұрғыда дамыта бермекпіз.





Әпиева Айгүл Мухамедияровна

Павлодар облысы Екібастұз қаласы
№20 «Мерей» көптілділікті дамыту
бөбектер бақшасының әдіскері

Мектеп жасына дейінгі балаларға көптілділікті меңгерту барысында инновациялық технологияларды пайдалану

Мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін ерте оқыту біздің мектепке дейінгі ұйымның басым бағыттарының бірі болып табылады (кіші топтардан басталады).

Баланың сөйлеу тәжірибиесі – білім беру процесінде жаңа тілдік құралдарды меңгеруінің арқасында өз ойын тұжырымдап айту арқылы жетіледі.

Шет тілін меңгеру баланың жүйке жүйесінің дамуына, атап айтқанда, ақыл-ойына, ойлауына, есте сақтау қабілетіне игі ықпалын тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызы зор.

Балаларда сезімдерін, әртүрлі құралдарды пайдалану қабілеттері мен өз ойын шығармашылықпен білдіру өздігінен дамиды.

Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілінде ұйымдастырылған оқу қызметі қызықты өтеді. Онда балалар өлеңдер жаттайды, шағын пьесаларды ойнайды.

Жаттап алған сөздер мен сөйлемдерді айту барысында мына ойындар қолданылады: қуыршақтармен ойын «Отбасы», «Бала бақша», «Бұл не?» ойыны, «Ойыншықтар дүкенінде», «Қайсысы қате?» ,«Жұбын тап», «Біз қай елденбіз?», «Елдер мен континенттерге саяхат», «Зоологиялық лото», «Бейнелік лото», «Таңертең не істейміз?» және т.б. Бұл ойындар тіл үйрену барысында пайдалы болғандықтан барлық педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданады.

Балаларды оқытуда тақырыпты жақсы меңгеру үшін инновациялық әдістер қолданылады.

Олардың бірі шағын әңгімелерді және өлеңдерді жаттау барысында мнемокестені пайдалану болып табылады. Өйткені, мектепке дейінгі жаста бала көрнекі құралдар арқылы кез келген нысанды есте сақтап меңгере алады: сенсорлық эталондар, түрлі таңбалар, белгілер, модельдер.

Мнемокесте - бұл белгілі бір ақпарат салынған сызба, балаларға өлеңдерді жаттауға және байланыстырып сөйлеуді айтарлықтай жеңілдететін модель.

Алдымен балалармен дайын кестелерді, оларда нелер бейнеленгені жайлы талқылап, қарастырамыз. Кілтке байланысты таңбаларды табамыз.

Содан кейін таңбалардан тұратын ақпаратты сөйлеуге айналдырамыз.

Бұл жағдайда мәтіндерді есте сақтау айтарлықтай жылдам жүзеге асырылады.

Қазіргі жағдайда мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті мәдениетті қалыптастыру неғұрлым өзекті міндет болып табылады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру кеңістігін кеңейтуге ықпал ететін неғұрлым тиімді құралға айналған.

АКТ – бұл ақпаратты жасауға, таратуға пайдаланылатын "кең ауқымды сандық технологиялар (компьютерлік жабдықтар, мультимедиялық құралдар, аудио және тағы басқа. Ең өзекті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар-бұл: аудио, бейне және мультимедиялық құралдар.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу дағдысын арттыруға, жекелеп және тікелей білім беру қызметінде аудио, бейнебаян, ертегілер, танымдық деректерді пайдаланған жөн.

Балалар тілдің семантикалық негізін тез меңгеріп, өздері сөйлей бастайды.

Мектепке дейінгі баланың сөздік қоры бірнеше ондаған сөздерге жеткенде, тікелей білім беру қызметін аудиоертегілер көмегімен түрлендіруге болады.

Аудиоертегілердің мазмұны балаға түсінікті болуы өте маңызды, олай болмаған жағдайда қызығушылығы жоғалады.

Ал, тікелей білім беру қызметі қызығушылықсыз соншалықты жемісті және тиімді бола алмайды.

Аудиоертегілерді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру үшін, ертегілерді суретке түсіру әдісін, яғни ертегітерапиясын пайдаланамыз.

Баланың сурет салу барысында естуімен қатар ассоциативті байланысы пайда болады.

Шет тіліндегі сөздер суреттегі сюжеттік бейнелер арқылы есте сақталады.

Сонымен қатар, баланың бір мезгілде естігенін тыңдай алуына және сурет салуына назар аудару керек.

Төрт-бес жастағы балалардың көбінде естігенін тез қабылдап алу дағдысы жоқ.

Бірақ алты жасқа қарай естіген ақпаратты үнемі мазмұндау, сурет салу, жабыстыру арқылы тыңдап, қабылдап жүрген бала бір мезгілде тыңдап, естіп, түсініп оны жеткізе алатын болады.

Тілді үйрену үшін бейнефильмдер пайдаланады. Бейнефильмдерді көрсетудің мақсаты мектепке дейінгі және кіші жастағы балаларға тілді меңгертудегі коммуникативті оқыту әдісін пайдалану болып табылады. Балалар ойын арқылы шет тілді меңгереді, әрі дүниетанымын кеңейтеді. Лексикалық және грамматикалық материал белгілі бір түрде енгізіледі. Лексиканы енгізе отырып, белгілі бір затпен көрнекі түрде көрсете отырып, шет тілде қарапайым сөйлеу дағдыларын, тез есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруға болады. Фонетикалық

материал (дыбыстар, екпін, ырғақ, интонация) имитация негізінде қарастырылады. Мұндай жағдайлар фонетикалық материалды жетік меңгеруіне ықпал етеді. Мультфильмдер - көптілділікті оқытудағы көмекшілердің бірі.

Балалар мультфильмдерді бірнеше рет көргенді жақсы көреді. Сондықтан мультфильмдер бүлдіршіндерге шет тілді оқытудағы көптеген міндеттерді шешуге көмектеседі.

- «Бұл сөздерді не үшін жаттау керек?» деген сұрақтар баланы мазаламайды.

- Балаға мультфильм көру өте қызықты, әрі сюжеттік батырлардың сөздерін еркін қайталайды. Мультфильм балаға жаңа сөздерді біліп, жаттауды ғана емес, сонымен қатар сөйлеу мен дыбыстарды меңгеруіне көмектеседі.

Қайталау – егер балаға мультфильм ұнаса, ол сол бір мультфильмді жаттап алғанша қайта-қайта көруге дайын.

Шет тілдерді үйретуге арналған роликтерді анимацияланған өлендерімен, бүлдіршіндерге арналған мультфильмдерімен, баланың жас ерекшелігін меңгеріп, таңдап қойған жөн(мысалы, Мейзи – MaisyMouse тышқаны жайлы ролик). Бұндай мультфильмдердің тыныш қарқыны, жануарлардың атауы, қолжетімділігі баланың түсінуіне оңтайлы қызмет атқарады. АКТ-ны қолдану тікелей білім беру қызметін жақындатуға, психологиялық көңіл-күйге, табиғи тілдік ортаға, сөйлеуіне көмектеседі...

Әр ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

- Ән-сәлемдесу+лексика.
- Ән-шеңбердегі би (мұнда сөздер үйренеміз –етістіктер, санау)

- Презентация-қайталау –бекіту лексика (үлістірмелі парақшалар, ойыншықтар).

- Ән-қоштасу, қорытынды.

Балалардың ауызша сөйлеу шеберлігі мен дағдыларын дамытады.

Есте сақтаудың барлық түрлерін жетілдіреді.

Тілдік ортаға енуіне мүмкіндік береді.

Тілді меңгеруіндегі қызығушылықты арттырады. Осының барлығы шет тілін меңгеруіне, қызығушылықтарының артуына қолайлы әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға көптілдікті үйрену оңай жол емес, бірақ та ата-аналар, тәрбиешілер, педагогтар еңбегінің арқасында үштілді меңгеруді танымды әрі қызықты етуге болады.



Такибаева Улдархан Акжигитовна

Шымкент қаласының білім басқармасының мемлекеттік арнаулы (коррекциялық) №28 «Гайһар» балабақшасының менгерушісі



Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады.

Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктердің меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Адамгершілік тәрбиесінің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған адамгершілік сезімдерін, үлкендерді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық саналарын, мінез-құлықтарын өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете білуге үйрету көзделеді.

Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі балалық шақ – ең жауапты кезең. Балалар үй ішіндегі жақындарымен қарым-қатынаста, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Психология ғылымы да баланың айналадағы болмысты дұрыс түсінуі мектеп жасына дейін қалыптасатын, олар өз айналасындағы адамдардың көзқарасы мен талпынысынан, мұрағтарынан жастайынан-ақ үлгі алатынын дәлелдеді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі де өзінен-өзі немесе жүйкенің туа біткен заңдылық күші арқылы емес, әдейі мақсат көздеп ұйымдастырылған оқу-тәрбие арқылы іске асады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері:

- 1) балалардың үй ішіне, жақындарына, құрбы-достарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу;
- 2) адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру;
- 3) балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттеріне тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз ауылына, қаласына, туған-туысқандарына, дос-құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу қажет.

Елге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралы – халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнері. Ана тілі-халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнері. Ана тілі-халықтың тарихи, шежіресі, халықтың ең зор ақылшысы, ұстазы деп бағалаған. Осы орайда, дана Абай: «Өнер алды –қызыл тіл», - деп толғаса, Ғ.Мүсірепов: «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ», - деп тілдің құдіретін ерекше бағалаған.

Ал, кемел жазушы М.Әуезов: «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», -деген. Ендеше, ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар, оны сүюді үйренеді. Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композитордың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, Отанға т.б. сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды достыққа тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесінің негіздерін бірін құрайды. Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді.

Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, Отанға, т.б. сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Тәрбиеші суреттерді, көркем әдеби шығармаларды, әр ұлттың балалар әдебиетін пайдалана отырып, Қазақстанды мекендейтін сан ұлттың өмірі, тұрмысы, еңбегі, өнері жөнінде әңгімелейді, соның негізінде ұлттарға, халықтарға, жалпы адамзатқа деген сүйіспеншілік сезімін дамытуға мүмкіндіктер туады. Балалар арасында дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеу, тату балалар ұжымын құру-балабақша педагогінің негізгі міндеттерінің бірі. Балалар ұжымын тәрбиелеуде тәрбиеші адамгершілік принциптеріне сүйенеді. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жатады, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеу сәбилік шақтан басталады. Үлкендерді сыйлау –асқарлы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тыңдау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты баллардың, іс-әрекеттерін ұйымдастыру, бұл сезімнің көрініс табуы-жақсы тәрбиенің белгісі.

Тәрбиеші өмірдегі барлық материалдық және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен жасалынғанын, оны өздері күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіреді. Үлкендердің білімі, еңбегі біздің шаттық өмірімізді қамтамасыз етіп отырғанын, әсіресе өзін қоршаған адамдардың: тәрбиешінің, дәрігердің, күтушінің, аспазшының, даяшылардың еңбегін айтып, оларды бағалауды және үлкендерді қалай құрметтеу, сыйлау керектігін үйретеді.

Әрине, баланың білімі бірден оның мінез-құлқы мен тәртібіне айналмайды, оған ұзақ уақыт дағдылану, үйрену керек, тәрбиеші осыларды шыдамдылықпен қалыптастырғаны абзал.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылыққа тәрбиелеу жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншақтық, өркөкірек, жалқау болуына әкеп тірейді, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мадақтай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн. Қарапайымдылыққа тәрбиелеудің негізі-баланың адамгершілік қасиетін дұрыс, әділ бағалау.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың мінез-құлқын тәрбиелеу жатады. Мінез-құлық дегеніміз – адамдардың өзін қоршаған ортаға, қоғамға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасынан көрініс табатын тұрақты психикалық ерекшелігінің жиынтығы. Бұл ерекшеліктердің ең бастысы-сана мен ерік. Мінез-құлық өте ерте жастан бастап қалыптасады және саналы, ақылды ұйымдастырылған тәрбие ісіне бағынады. Еріктік сапаға қажыр-қайрат, өзін меңгере алу, сабыр, төзім, мақсаттылық, шешімділік, тұрақтылық, ұстамдылық, батылдық, белсенділік жатады. Бұл қасиеттер балалардың іс-әрекет, ойын, еңбек, оқу-тәрбие жұмыстары үстінде көрініс тауып, қалыптасады. Қалыптасу балалардың ақыл-ойының дамуымен байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігін ескере отырып, мектепке дейінгі педагогика төмендегі әдістерді айқындайды:

- 1) тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі, күнделікті өмірден үлгі-мысалдар келтіру;
- 2) балаларға жақсы мінез-құлық пен адамгершілік ережелерін үйрету, соған сай балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- 3) сендіру, түсіндіру;
- 4) мадақтау, кінәлау, айыптау, жазалау;
- 5) бағалау.

Үлгі ету- адамгершілік тәрбиесінің негізгі әдісі. Тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі адамгершілікке тәрбиелеудің әдісі ретінде басқа әдістермен бірлікте елеулі рөл атқарады. Үлгінің тәрбиелік күші баланың еліктегіштігіне негізделеді. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға үлгі ерекше сенімді ықпал етеді, өйткені олар өзін қоршаған құбылыстырға, адамдардың іс-әрекетіне сын көзбен қарауды білмейді.

Балалар көбінесе ата-анасы мен тәрбиешілеріне, жақсы көретін, құрметтейтін адамдарға, бір-біріне еліктейді.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде сөзбен түсіндіру, сендіру, үйрету қажет. Тәрбиеші балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді түсіндіріп, жаман іс-әрекеттерге қарсы тұра білу қабілетін тәрбиелейді.

Түсіндіру – балалардың тәртібіне қойылатын талаптарды, олардың қажеттілігінің себебін, оны орындаудың жолдарын ұғындыру.

Сендіру – баланың санасына, сезіміне, еркіне мақсат көздей отырып әсер ету арқылы жағымды әрекеттерге, моральдық қасиеттерге баулиды. Ескерту – баланың жасаған кемшілігінің оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады. Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқытуда адамгершілікке тәрбиелеудің әдістерін қолданудың маңызы зор..





Алтынбек Алия Серикказыевна

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы
«№4 Баршатас бала бақша – бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының әдіскері

Отбасы - тәрбие ошағы!

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп халық айтса, қалт айтпаған дана халқымыз бала тәрбиесін бірінші орынға қойған. Бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Оның негізіотбасында қаланада.

Отбасы – адам баласының өсіп - өнер алтын ұясы. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата –аналар өздерінің негізгі борышы – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар – ождан мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиетер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім – тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Береке – бірлігі ең алдымен ата – анамен бала арасындағы қарым – қатынасына байланысты болады.

Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиетердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Өз ата – анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата – аналарды да құрметтей біледі, қашанда үлкендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған. Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата – аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға кеңестер береді. Абай өзінің 10 қара сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата – аналарды сынайды.

Қазақ ағартушыларынан С.Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата – аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді. Әрине, әркім өзінің баласының тәрбиелі, білімді болғанын қалайды, әрі еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі болса екен дер тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата – ананың өзі. Бала тәрбиесі бесіктен басталады демей ме? Ендеше отбасы ошақ қасында дұрыс тәрбие берген жөн. Баламызды бала бақшаға жіберіп, бақша тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықта тәрбиешіге салып қойғанмыз жеткіліксіз.

Бала бала бақшаға берген соң ата – ана тәрбиешімен тығыз қарым – қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан – жақты білімді болуына көп байланысты. Кейбір ата – аналар жұмыстан шаршап келгінін айтып, бала тәрбиесіне бей-жай қарайды. Осындайдан бала тәрбиесінде қиындықтар туындап, қатенің қай жерден кеткенін біліп болмайды.

Ата-ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса, сөз жоқ, ұрпағының тәрбиелі, өнегелі, білімді болып өсуіне жол ашады.

- Бала бақшадан келген баланың көңіл – күйін сұрау, бүгінгі тәртібіне өзіне - өзінің баға беруіне үйрету.
 - Балаға өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау.
 - Баланың жақсы мінез, іс - әрекетіне назар аударып, көңіл – күйін көтеру.
 - Ата – ана өзін - өзі ұстай білу, бақылай білу.
 - Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу.
 - Баласының тілін түсініп, онымен сырлас, дос болуға тырысу.
 - Өз баласын басқа балалармен салыстырмай, дұрыс тәрбие беріп, мінез – құлқын, іс - әрекетін, қателігін түсінуге мүмкіндік жасай білу.
 - Баланың психо – физиологиялық даму деңгейіне, жан – жақты жетілуіне көңіл бөлу.
 - Баланың орынды талап тілегіне тежеу жасамай, еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көзқарасын түсіністікпен қарау. Міне осындай ұстаным негізін қалайтын ата – ананың өзі. Өнегелі қасиеттер мен тәлім – тәрбиені отбасы ошақ қасында бергеніңіз абзал.
- Бала тәрбиесі кезек күттірмес мәселе. Әр ата – ана дүниеге келген жас нәрестеден үлкен үміт күтеді. Болашақта елін, жерін қорғайтын, елдігімізді, егемендігімізді сақтайтын, ата – салт, ізгі дәстүрімізді ардақтайтын, «Қазақ» деген қасиетті атқа кір келтірмейтін, еліміздің мәртебесін асқақтата беретін ұрпақ тәрбиелейік, құрметті ата аналар!

Букенова Гульсара Жаксалыковна

Екібастұз қаласындағы № 20 «Мерей»
көптілділікті дамыту орталығы бөбектер
бақшасы



Баланың тұйық болу себебі және одан шығу жолдары

Бала – ата-ананың баға жетпес байлығы. Ата –ана баласы үшін бәрін жасауға тырысады. Көбінесе ата–ана балалардың материалдық жағынан жағдайын жасауды ғана ойлайды. Балаларым ешкімнен, ештеңеден кем болмасыншы деп, киіндіреді, қажет ойыншықтарын алып береді, тәтті-дәмді тағамдарды алдына тосып, бағып қағады. Баланы бағып күткен дұрыс, бірақ баланың жан дүниесіне көп назар аударған жөн. Балаға айтып, көрсетіп үйрету қажет. Алайда, ата –ананың сол көп уақыты жұмыспен, ақша табу жағына жұмсалатынын ата-ананаң өзі де байқамай қалады.

Кейбір отбасындағы балалар тұйық мінезді болады. Ешкіммен сөйлеспейді, ешкімді жақтырмайды, балалармен тіл табысып ойнай да алмайды. Кейбір ұялшақ балалар не нәрсені болсын жүрегіне тез қабылдайды. Олар тұйық немесе өкпешіл болады. Оның себебі не?

Бала мінезінің тұйық болуы, оған ата-ананың да кінәсі бар деп ойлаймын.

Бұның себептері мынадай: біріншіден, үйде жалғыз бала болуынан, өйткені оның араласатын әпке, сіңілісі, бауырлары болмағандықтан, екіншіден дене бітімі дұрыс қалыптаспағаннан, туа біткен кемістігінен болуы мүмкін. Төртіншіден, баланың психологиялық ерекшелігінде, жан дүниесі нәзік болуынан.

Сол себепті әр ата-ана баласына көп уақыт көңіл бөлуі қажет. Толыққанды жанұяда ата-аналар арасындағы махаббат пен сүйіспеншілік, өзара түсінушілік болса, бала өзін бақытты сезінеді. Балалармен әңгімелесіп, бірге ойнап, не қажет екенін сұрап, нені қалайтынын білген жөн және олармен ақылдасу қажет. Сонда бала ашылып, өз ойын дұрыс жеткізе алады. Балаға ертегілер оқып беріп, өздігінен ертегі құрастыра алуға үйреткен жөн деп санаймын. Баланың физиологиялық белсенділігін бақылау, баланың ұнататын спорт түріне беріп, тұрақты айналасуын қадағалау қажет. Бала тұйық болмау үшін, үйге жиірек қонақтарды шақыру керек.

Туған туыс, ата –ана өзінің достарының үйіне қонаққа барып, олардың балаларымен араласатын болса, артық болмайды. Баламен демалыс орындарында демалып, мерекелік, спорттық іс-шараларға бірге қатысқан жөн. Бала үшін басқа адамдармен, бөтендермен жиі қарым-қатынас жасау тиімдірек болады. Ұяң балаларды балабақшаға берген жөн. Балалармен араласып, ойнап, тіл табысып, өзіне рухы жақын адам, дос табады.

Мен өзім бірнеше жыл тәрбиеші болып балабақшада жұмыс жасаймын. Балабақшаға бірінші келген балалармен жұмыс жасамас бұрын, оның мінез-құлқына бақылау жасаймын. Әр түрлі балалар болады. Ұялшақ балалар үндемейді, сұрақ қойсаң, көзін төмен түсіріп қарап, тұрып алады.

Сөйлегенде адамның бетіне тура қарай алмайды қарапайым сұрақтардың өзіне жауап бермейді. Өз пікірін айтуға жасқанады. Тіпті кейде ол өз ойын сыбырлап, ақырын жеткізеді. Ондай балаларды біртіндеп, топқа балабақшаға, үйреткен дұрыс. Ұяң балаларға өзінің қолынан келетін жұмысты беріп, қолдау көрсетіп, бала орындап болған соң мадақтаулар айтып жіберсе, бала біртіндеп ашылады.

Тұйық балаларды ойынға араласуын және тез қосылуын талап етпеген жөн. Сыртынан бақылап, ойынның шартын, ережесін түсінген соң, өзі –ақ көпшілікке қосылып кетеді. Серуенге шыққанда, мысалы кимылды қозғалыс ойындарын ойнағанда, санамақ арқылы:

Алма кетті домалап,
Көше бойын жағалап,
Кім алманы табады,

Сол ойынға шығады?-, ал енді кезек Алмазға келді деп, ойынға қызығушылығын арттыру қажет.

Балабақшада сюжетті бейнелі рөлді ойын түрі: «Туған күн кешінде» ойнаған кезде, мысалы тұйық қыз Айсұлуды шақырып, бүгін сенің туған күнін, қазір біз саған қонаққа барамыз деп, тәрбиеші өзі басшылық жасап, бірге ойнағаны дұрыс. Туған күн иесі туған күнге үстел әзірлеп дайындалады. Қалған балалар сыйлық алып, туған күн кешіне барады. Ойын кезінде диалогты сөйлеу, балалардың ойын арқылы бір-бірімен араласуы байқалады. Сөйтіп тұйық бала ойын арқылы тіл табысып, ойнап кете береді.

Мерекелік іс–шараларда әрбір ата–ана баласының басты рөлді сомдағанын қалайды. Тұйық бала мұндай кезде қатты қысылып, қойылым ортасында сахнадан қашып кетуі де мүмкін. Көпшілік ортасына күштеп итермелеген дұрыс емес. Балабақшада болатын мерекелік іс–шараларға балалармен бірге қатысып, тақпақ айту, би билеу, түрлі костюмдар кигізіп, біртіндеп үйреткен жөн.

Қорыта келе, қазақ халқы, баланы жастан демекші, жанұяда ата-аналар, балабалабақшада тәрбиешілер, мектеп табалдырығын аттағанда ұстаздар тұйық балаларды ортаға бейімдеу үшін жылы қабақ танытып, күлімсіреп қарап, жайлап сөйлесіп, тілін тапса, ол балалар ашылып, өз ойын еркін жеткізіп, балалармен жақсы қарым-қатынаста болып кете алады деп сенемін.

Гетьман Ирина Николаевна

воспитатель старший воспитатель мини-центра «Домовенок»
при ГУ «Сосновская средняя общеобразовательная школа»
Павлодарская область

Лэпбук «Страна математика»

Особое место в практике воспитателя детского сада занимают интерактивные методические средства, способствующие повышению познавательной активности дошкольников, среди которых можно отметить лепбук. В дословном переводе («лэп» — колено, «бук» — книга) лепбук обозначает «наколенная книга». Это самодельная книжка-раскладушка или папка, которая состоит из множества наклеенных картинок, карманчиков, вкладок, объемных аппликаций, открывающихся дверок и окошек.

Данное дидактическое пособие разработано с целью формирования логико-математических представлений, развития мыслительных процессов. Игры, собранные в лепбук, используются в организации совместной и индивидуальной игровой деятельности.

Возрастная группа: 4-6 лет

Цель: закрепить пройденный материал по математике в игровой форме, используя обучающие игры.

Задачи:

- формирование представлений о числе и количестве;
- развитие логики и мысленных операций;
- закрепление представления о последовательности частей суток, дней недели, о временах года.

Лэпбук оформлен в виде домика, где в каждой странице задания и игры, представленные для быстрого и легкого запоминания.



Титульный лист



Внутренняя часть



Книжка-малышка про цифры. Подборка стихов "На что похожи цифры?"
Количественный счет "Мурка в зоопарке" Сопоставление цифры и количества предметов



Цифры в названиях сказок и книг. Пропиши. Задачки про цифры. Листочки и цифры. Загадки про цифры, Блоки Дьенеша (Транспорт). Части суток. Дни недели. Научись определять время

Нуралдинова Гульбаршын Кайруллаевна

«№36 жалпы орта білім беретін мектеп»
Семей қаласы

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру

Қазіргі таңда еліміздің білім беру саласындағы басты талаптарының бірі – отбасы, балабақшадан бастап мемлекеттік тілді меңгерту, жаңа заманға сай білімді де, саналы ұрпақ тәрбиелеу ата-аналар мен педагогтардың басты мақсаты болмақ. Бұл міндет шын мәнінде соңғы жылдары күрмеуі қиын мәселелерге айналғаны жасырын емес. Оның көптеген объективтік және субъективтік жағдайлары бар. Оған ұлтымыздың ел болашағын ойлаған ғалымдарымыздың ой-тұжырымдары дәлел. Академик Р.Сыздық: «Ең алдымен, баланың тілі отбасында шығады, демек, баланы ана тіліне баулуда, оның ішінде сөздерді дұрыс дыбыстай білуге үйрететін тұңғыш ұстазы – ата-анасы және үй ішіндегі өзге де үлкендер екені мәлім-деп айтқан болатын.

Сөйлеуде сөздерді бір-бірімен байланыстыра, үйлестіре айта білуге, қазақ тілінің өзіне тән дыбыс заңдылықтарын сақтап сөйлеуге баулуда балаға ертегі, әңгімелер айтудың мәні зор.

Үлкендер ертегі, әңгімелерді баппен мәнерлеп, яғни үндестік заңдарын сақтап, сөздерді қиюластырып айтуға мейлінше көңіл қоюлары қажет. Баланың таным-білімдік талабы мен психологиясына әңгіме, ертегілердің мазмұны ғана емес, үннің құлаққа жағымды болуы да қатты әсер етеді. Баланың өлең сөзге құштарлығының сыры осында жатыр. Үн (дыбыс) гармониясы – адамның жан дүниесі қажет ететін заңдылықтардың бірі.

Сондықтан жас балаға тек прозамен ұсынылған әңгіме-ертегілерді емес, өздеріне арналған өлеңдерді оқып беруге ұмтылу керек. Ол өлеңдерді балалар жатқа айтқанда сөздерін дұрыс дыбыстауына назар аударып, қате тұстарын түзетін отыруды педагогтар мен өзге үлкендер де дағдыға айналдырса, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған оқу қызметтерінде көңілді тек оқып беруге ғана аудармай, сол оқыған мәтіндегі сөздерді дұрыс оқуға зер қоюы абзал

Бұл ой-тұжырымдарды жүзеге асыру үшін ата-ана да, балабақша педагогтері де ұлттық құндылықтармен сусындаған, ана тілінің қадір-қасиетін ардақ тұтатын ұлтжанды азаматтар болуы керек. Тәрбиешілер бүлдіршіндерді тек тәрбиелеп, білім берумен ғана шектелмеуі тиіс, сонымен қатар олар ана тіліміздің байлығы мен әсемдігін бала бойына сіңіріп, әр сөзді анық-айқын, әуезді сөйлеуге машықтандыруға баса көңіл аударуы қажет.

Тәрбиеші - баланың ертеңгі болашағына оң көзқарас таныта отырып, оның мінез - құлқының, сана – сезімінің, сөйлеуінің жетілу деңгейінің, байланыстырып сөйлеу дағдыларының, таным процестерінің (түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, зейін) дұрыс бағытта дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағыт беру керек.

Сөйлеуді дамытудың тиімді құралдарының бірі – жаңылтпаштар мен жұмбақтар қолдану. Жұмбақтарда аталған заттың сипатты белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады.

Жұмбақтар жасырып, оның шешімін табуда баланың дүниетанымы, түсінігі кеңейеді және ойлау, заттарды салыстыру қабілеті дамиды. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай, жатық, еркін сөйлеуіне септігін тигізеді. Балаға жаңылтпаштар үйретіп, оны қайталату сөздерді дұрыс айтуға дағдыландырады, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады.

Ана тіліміздің тәрбие берудің басты құралы екендігін ғалым-әдіскер М.Жұбанов былайша түйіндейді: «Сөз – халқымыздың негізгі тәрбие құралы. Сөз өнері арқылы баланы қоршаған дүниені танып-білуге, адамгершілікке, мейірімділікке, татулыққа, еңбекке, батылдыққа, ізденгіштікке, өмірден сабақ алуға дайындаған. Сөйтіп, баланың шама-шарқына қарай, тәрбие мен білімнің кейінгі күрделі кезеңіне қажетті, тұрақты дағды қалыптастырғанын көреміз».



Калдарбекова Ақсаурен Жаксылыковна

«Шымкент қаласы білім бөлімінің мемлекеттік арнаулы коррекциялық №28 «Гаухар» бөбекжай-балабақшысы» (сөйлеу функциялары ауыр және жеңіл бұзылған балаларға арналған.)

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі

Арт-терапиядағы ертегі терапиясының теориялық негіздері

Ертегі терапиясындағы өзін бейнелеу мен өзін-өзі тану кең көлемді қолайлылықтың көзі болғандықтан, адамдардың жағымсыз әсерлерден арылуға, жағымды әсерлі эмоциялардың көрінуіне, тығырықты, ішкі дау-жанжал жағдайларынан шығуға және де белсенді өмір позициясын құруға жол ашады.

Ертегі терапиясын қолданудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Оларды бір-бірімен байланыстыра отырып, кезектестіре жүйелі түрде қолдануға болады.

Ертегімен терапия жүргізу - адамзат дамуындағы тәжірибелік психологияның ең бір көне әдістерінің бірі және қазіргі заманғы ғылым тәжірибесіндегі жаңа, жас әдістердің бірі болып табылады.

Көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей - ертегідегі теңестірулер, яғни, метафора, адамның бейсаналы күйіне тікелей әсерін тигізеді. Ескеретін жағдай, метафора әсері терең әрі тұрақты деңгейде жүреді.

Метафоралық ғажайып әсерлер жеке тұлғаның өзіндік, жеке қорларын арттырады. Көптеген кейіпкерлер, метафора тілдері қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, адам санасын оятып, жетілдіреді.

Психологиялық, педагогикалық мәселелер адами, рухани құндылықтарға бағыттала, жеке әлеуеттерге сүйене отырып талқыланады.

Қазіргі таңдағы көптеген зерттеулердің нәтижелеріне сүйенер болсақ, ертегі терапиясы емдік мақсаттағы терапия екенін түсіндіріп, дәлелдеп отыр. Оларға қысқаша тоқталып кетер болсақ:

- Әлеуметтік ортада туындап отыратын көңіл-күйдегі ашулы сезімдерден босану. Сурет салу, кескіндеме, түрлі-түсті бояулармен қышты пайдалана отырып мүсіндер жасау-адам бойындағы психикалық қысымдардан босануына пайдасын тигізетін ең бір зиянсыз әдіс.

– Психотерапияны жүргізудің вербальды түріне қарағанда, көптеген бейнелердің көмегімен санасыз түрде кикілжіңге түсу себептерін сыртқа шығару оңайырақ болды. Яғни, терапияның тиімді әрі пайдалы жақтары осыдан байқалады. Сонымен қатар терапия барысын алға, жағымды жағынан ілгерілеуін тездетеді.

– Көптеген арыла алмай жүрген ойлар мен қиын ауыр сезімдермен жұмыс жүргізуге болады. Кейбір уақыттарда үдемелі сезімдер мен қандай да бір наным-сенімдердің себептерін анықтаудың, оны түсіндіре алудың бірден-бір жолы - осы вербальды емес әдіс арқылы қарым-қатынас жасау болып табылады.

– Терапиялық өзара қарым-қатынасты нығайтуға көмегін тигізеді. Топ мүшелерінің шығармашылық жұмыстарындағы кейбір элементтерінің ұқсас келуі өзара жағымды сезімдер мен бір-біріне деген эмпатияның қалыптасуын тездетеді.

– Іштей өзін-өзі реттей алушылық пен өзін-өзі бақылай алу сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді.

– Өз сезімдеріне зейін қоя отырып, көңіл бөлуін дамытады және нығайтады. Ертегі терапиясы адамның ішкі рухани жан дүниесін үйлесімділікте тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға ертегі терапиясын қолдану маңызды. Бірақ, психологиялық қызмет барысында ертегі терапиясын ересек адамдарға да қолдануға болады.

Ертегі терапиясының жетекші идеялары: тұлғаға өміріндегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік қабілетін сезінуге мүмкіндік береді; оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну; қоршаған органы түйсінудің әртүрлі стильдерін танып-білу; қоршаған ортамен өзара жасанды әрекет ету; үндестік пен күшті сезіну.

Балалар ертегіге ене отырып, нақты жағдайда шығармашылық сындарлы өзгерістің жаңа мүмкіндіктерін ашады және өзіне күш жинап, өздеріне жаңа қор аша отырып, өз өміріндегі оқиғаларға ауысады, басқаша ойлай бастайды, басқа қырынан қарай бастайды және оның сындарлы әлеуметтік моделіне кіріседі.

Балаларға ертегі терапиясының когнитивті және шығармашылық аспектілері ерекше маңызды. Ертегіге талдау жасау (когнитивті талдау) рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді немесе едәуір байытады. Қиялдың шығармашылық энергиясын – шығарма, сурет салу, қуыршақтар дайындау, ертегіні драмалау (шығармашылық аспектілер) арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Барлық осы күштер өз өмірін сындарлы өзгертуге көмегін тигізеді. Ертегі терапиясымен әсер ету ертегінің бес түрінің көмегімен жүзеге асады, олар: көркемдік, дидактикалық, психокоррекциялық, психотерапиялық және медитативті ертегілер.

Психологиялық қызмет көрсету барысында қатысушы адамның жеке дара ерекшелігі мен проблемасына сәйкес келетін ертегілер таңдалып алынады немесе арнайы құрастырылады. Әртүрлі бейнедегі ертегілер әр түрде ұсынылады: ертегіні талдау, ертегіні айтып беру, шығарма, қуыршақ дайындау, драмалау, сурет салу, ойындар, медитация және т.б.

Психологиялық қызмет көрсету барысында «Ертегілерді кез-келген адамға қолдануға болады ма?» деген сұраққа екі түрлі қорытынды жасауға болады. Олар:

1. Ертегіні бәрі де жақсы көреді. Ертегіні мойындағысы келмейтін адамдардың өзі де жақсы көреді. Ертегіде бәрі де ғажайып болды. Ертегіде мен туралы ғана емес, сіз туралы және ол туралы, біздің балаларымыз туралы деген жағдаяттар кездеседі.

Өз міндеттерімізді ертегі түрінде көруіміз бен қабылдауымыз жеңіл, әрі адамға ауыр тимейді, көңіліміз де қалмайды.

Ертегі кейіпкерлеріне әрбір жағдайдан шығып кету оңай, өйткені, ертегілерде бәрі де мүмкін болады. Кейіннен ойланып қарасақ, бұл шешімді өміріндегі өзіңнің жағдайларыңа да қолдануға болатындығын көруге болады, өйткені, ертегінің соңы әрқашан жақсы болып аяқталатыны барлығымызға мәлім.

2. Ертегі терапиясын жүргізу – психотерапияның адамға жарақат салмайтын, ауырсыну сезімін тудырмайтын бір әдісі.

Ертегінің көмегімен немесе оның әсер етуімен мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру маңызды.





Сыздыкова Райхан Сапаргалиевна

Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің
№ 20 "Мерей" көптілдікті дамыту
орталығы бөбектер бақшасының
тәрбиешісі

Баланың балабақшаға бейімделуі

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды шағы, болашаққа дайындығы ортадан жүрегі мен санасына не қонғанын – осы деңгейге қарап шешуге және бүгінгі сәби қандай адам болатыны байқалады.

Балабақша мәселесі – жаман немесе жақсы, баланы беру немесе бермеу ерте болсын кеш болсын барлық отбасында пайда болады. Бұл мәселе отбасы жағдайынан немесе ата-ананың қолы тимейтіндігінен емес, әр ата-ананың өз тәжірибесінен алынып туындайды. Дегенмен балабақшаға келудің жаман да жақсы да жақтары бар. Ол тек қана ата-ананың өмір тәжірибесінен емес, ғылымда да негізделген. Дәлірек айтқанда; педагогика, медицина, психология, социология.

Бірден айтқанда, жағымды фактор жан-жақты қаралады және ғылыми негіздерге сүйенеді. Онымен келіспеуге болмайды, өйткені адам ерте кезден бастап ұжымдасып өмір сүрген. Адамның барлық өмірі бір-бірімен қарым-қатынасынан, сөйлеу мәнерінен айқындалады. Оның барлығын еш күдіксіз балалық шақта үйрену керек. Бейімделу кезеңінде балаға көмектесеміз. Баланы балабақшаға дайындау кезінде, ата-аналар: «менің баламды қалай қарсы алар екен», - деген сұрақтар пайда болады. Қобалжу ол түсінікті жағдай, өйткені ата-ана баласын бірінші рет таныс емес адамға қалдырып жатыр. Оған дейін барлығы өздерінің көз алдында болатын, ал енді баланы бақшада жақсы көре ме? Егер

бала жақындарымен қоштасқысы келмесе, егер бала топқа кіргісі келмесе қобалжу күшейе түседі. Аналары баланың көңіліне қарайды, немесе баланың көз жасына қарамай үнсіз балабақшаға жетектеп әкеледі. Балабақшаға келгенде балалардың барлығы бірдей ме? Бір балалар топқа сенімді кіреді, айналасын мұқият қарайды, немен ойнайтынын таңдайды.





Сыздыкова Райхан Сапаргалиевна

Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің
№ 20 "Мерей" көптілдікті дамыту
орталығы бөбектер бақшасының
тәрбиешісі

Баланың балабақшаға бейімделуі

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды шағы, болашаққа дайындығы ортадан жүрегі мен санасына не қонғанын – осы деңгейге қарап шешуге және бүгінгі сәби қандай адам болатыны байқалады.

Балабақша мәселесі – жаман немесе жақсы, баланы беру немесе бермеу ерте болсын кеш болсын барлық отбасында пайда болады. Бұл мәселе отбасы жағдайынан немесе ата-ананың қолы тимейтіндігінен емес, әр ата-ананың өз тәжірибесінен алынып туындайды. Дегенмен балабақшаға келудің жаман да жақсы да жақтары бар. Ол тек қана ата-ананың өмір тәжірибесінен емес, ғылымда да негізделген. Дәлірек айтқанда; педагогика, медицина, психология, социология.

Бірден айтқанда, жағымды фактор жан-жақты қаралады және ғылыми негіздерге сүйенеді. Онымен келіспеуге болмайды, өйткені адам ерте кезден бастап ұжымдасып өмір сүрген. Адамның барлық өмірі бір-бірімен қарым-қатынасынан, сөйлеу мәнерінен айқындалады. Оның барлығын еш күдіксіз балалық шақта үйрену керек. Бейімделу кезеңінде балаға көмектесеміз. Баланы балабақшаға дайындау кезінде, ата-аналар: «менің баламды қалай қарсы алар екен», - деген сұрақтар пайда болады. Қобалжу ол түсінікті жағдай, өйткені ата-ана баласын бірінші рет таныс емес адамға қалдырып жатыр. Оған дейін барлығы өздерінің көз алдында болатын, ал енді баланы бақшада жақсы көре ме? Егер

бала жақындарымен қоштасқысы келмесе, егер бала топқа кіргісі келмесе қобалжу күшейе түседі. Аналары баланың көңіліне қарайды, немесе баланың көз жасына қарамай үнсіз балабақшаға жетектеп әкеледі. Балабақшаға келгенде балалардың барлығы бірдей ме? Бір балалар топқа сенімді кіреді, айналасын мұқият қарайды, немен ойнайтынын таңдайды.



Біреулері сенімсіздікпен, көбінесе тәрбиешіні бақылайды және өзіне айтылған іс-әрекетті жасайды. Енді біреулері тәрбиешіге деген қарым-қатынасы кері-тартпау, айтқанына құлақ аспайды, ата-анасымен қоштаспақ түгілі, бір адым жібермей, дауыстап жылайды.

Шешімі әр түрлі болуы мүмкін:

- отбасында, балабақшаның күн тәртібіне сәйкес, күн тәртібінің жоқтығы;

- жағымсыз әдеттердің болуы (еміздік ему, тербетіп ұйықтату);

- ойыншықтармен ойнай алмауы;

- мәдени-гигиеналық әрекеттері қалыптаспағандықтан т.с.с.

Бірақта мұндай қылықтардың ең маңызды және басты мәселесі; сәбидің жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады.

Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.



Сүйінбаева Жанаргүл Қазтөреқызы

№32 «Қуаныш» мектепке дейінгі ұйымының
тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы



Балаларға жол ережесін үйрету арқылы өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі- ең басты байлық. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай, жол апаттары көптеп болуда. Соның ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді. Сол себепті балалардың өмірінің қауіпсіздігі дағдыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жаракат алады.

Кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір бала үйретілетін «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы іс-әрекетті мұқият тыңдап, бала өткізілген іс-әрекеттен қорытынды жасап отыруға міндетті. Балалар жолда жүру заңын сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс-тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда балалар жолда жаракат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Балаларды жол жүру ережелеріне үйрету- ата-ана мен үлкендердің тұрақты, үздіксіз жұмысы. Бағдаршам белгілерімен, жолда жүру ережелерімен, жаяу жүргіншілер жолы, көше жиегіндегі жолдармен (тротуармен), таныстыруды жүзеге асыру көзделген. Балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды жол жаракаттарынан сақтау үшін алдымен жолда, көшеде жүру ережелерін, жолда жүру тәртібін үйретуіміз керек.

Балаларға жолда сақ болуға, жол ережесін сақтауға үйрету мақсатында балабақшамызда «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!» тақырыбында ересек топтарда апталық өткізілді. Бұл апталықты өткізудегі мақсатымыз балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобуска міну, көшеден өту ережелерін үйрету. Жолда жүру ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге дағдыландыру, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Балалармен алаңда ойындар ойналды, жол ережелері туралы түсініктер берілді. Топта жол ережесіне арналған лэпбукпен жұмыс жасалды, балалар көшедегі қозғалысты ойын түрінде көрсете білді. Ән залында слайд көрсетіліп, балалардың досы Күлдірген келіп, балалармен бірге ойындар ойнады, тапсырмалар берді. Бағдаршамның суретін ермексаздан жапсырды. Бұл апталық балалар үшін өте көңілді болды.





Абжарова Гүлайым Рахымбекқызы
 Павлодар облысы Екібастұз қаласы
 № 20 «Мерей» көптілділікті дамыту орталығы
 бақшасының музыка жетекшісі

Оркестр алған асулар

Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары – халқымыздың рухани байлығы. Балалардың рухани жан – дүниесін әсемдікке, әдептілікке баулып қана қоймай, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына және бала қиялына қанат бітіретін аталы сөздер, жеңіл әуендер, тақпақтар мен жұмбақ-жаңылтпаштармен бірге эстетикалық тәрбиеге ерекше көңіл бөлемін. Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің КМҚК №20 «Мерей» көптілділікті дамыту орталығы бөбектер бақшасында қазақтың ұлттық аспаптарынан «Балбұлақ» оркестрі құрылған. Балалар оркестрін даярлау - үлкен жұмыс. Оған ересек және даярлық топ балалары қабілетіне қарай іріктеліп алынады. Сабақта бағдарламаға сай музыкалық аспаптың құрылысын, үнін, ойналу ерекшелігі терең түсіндіріліп, аспапты меңгеруі үшін жұмыстар жүргізіледі.

Оркестрде қолданылатын соқпалы-шулы: дабыл, дауылпаз, тұяқтас, сілкіп ойналатын: сылдырмақтар, асатаяқ, қоңыраулы асатаяқтармен қоса үрлемелі сазсырнай және шаңқобыз; шертпелі домбыра мен жетіген сияқты ұлттық музыкалық аспаптары туралы толық мәлімет беріледі. Оркестрге лайықты музыка таңдап алынып, әр аспапты музыканың ырғағына сай қосылып үйренуі үшін балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. Балалар аспапты толық меңгергенде ғана барлық музыкалық аспаптар бірге әуенге қосылуға болады. Аспапты жетік меңгерген баланың бойында мақтаныш сезімі оянып, оркестрге деген қызығушылығы артады. Ұлттық аспапты меңгере білу - балалар үшін үлкен жетістік. Балалар ертенгіліктерде, басқа да іс-шараларда ұлттық аспапта ойнау шеберліктерін көрсете бастады.

2013 жылы «Балбұлақ» оркестрінің сүйемелдеуімен Абраева Инкар «Қазақстан жалауы» әнімен «Сәулетай» ХІ қалалық балалар шығармашылық фестивалінде жүлделі орынды иеленіп, облыстық «Бүлдіршін» байқауында марапатқа ие болса, 2014 жылы «Аспапта орындау» аталымы бойынша ІІІ дәрежелі лауреат атағын, 2016 жылы ІІ дәрежелі лаурет атағын жеңіп алды. 2017 жылы да «Балбұлақ» оркестрі ұлттық аспаптарымен ерекшеленіп, «Көрермендер көзайымы» жүлдесіне ие болды. 2016 жылдың желтоқсан айында өткен аттестацияда балабақшадағы «Балбұлақ» ұлттық музыкалық аспаптар оркестрі облыстық комиссия мүшелерінің көңілінен шықты. Мәнерлеп оқудан Төкенова Үміт \2010ж\, Қарашашева Дәрия\2011ж\, Ярошенко Ангелина \2012ж\ дипломант атағын иеленсе, айтыстан Ярошенко Ангелина мен Разбеков Ильяс \2010ж\ дипломант атанды. «Мұрагер» жігіттер хорының \2015ж\ «Ана тілі» термесі ерекше бағаланып, «Айтұмар» қыздар вокалдық тобы \2015ж\ «Тұлпарым»

әнімен облыстық «Бүлдіршін» байқауында жүлделі орынға ие болды.

2016-2017 оқу жылында Екібастұз қаласының 60 жылдық мерекесіне «Өркендей бер, Екібастұз» жыр шумағын арнадым. «Екібастұз» әнімен «Шұғыла» вокалдық топ, «Балбұлақ» ұлттық аспаптар оркестрі «Домбыраның күмбірі» шығармасымен ерекше бағаланды.

Балалар жетістігі - бұл педагог жетістігі. Кез келген іс шараны, мерекелерді өткізу кезінде балалардың мемлекеттік тілде дұрыс таза сөйлеп, әннің мәтінін анық айтуына көңіл бөлемін. Ұрпағымыздың ана тілді, адамгершілігі мол, имандылығы күшті өнерпаз етіп тәрбиелеуде, мәнерлеп оқу, айтыс, термені үйретуден еш аянбаймын. Ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дүниеге әкелген мұраны сақтап қастерлей білейік.





МҚКК «Айналайын» бөбектер бақшасы, Ақсу қаласы.
Ханталапай ойыны.



Жанталалай ойыны
«№24 «Айналайын» бөбектер бақшасы»



ДАНА БАЈЛА